

Ішкі кедендік транзит тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті 1995 жылғы 19 қыркүйектегі N 112-П. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 51 бұйрығымен. ~V011441

Кеден органдары арасындағы тасылатын тауарларға кедендік бақылауды күшейту мақсатында бұйрық етемін:

1. "Ішкі кедендік транзит туралы Ереже" бекітілсін және ол бастап күшіне ендірілсін (N 1 қосымша).

2. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары:

- Ереженің 4 Қосымшасында көрсетілген жаңа үлгідегі мөртаңбалар күшіне енгізілгенше қолдағы бар осындай мөртаңбалардың қолданылуын қамтамасыз етсін;

- жіберілген кеден органдарына тауарлардың белгіленген мерзімдерде жеткізілуіне бақылау ұйымдастырылсын;

- жөнелтуші кеден органдары ішкі кедендік транзит процедурасы бойынша тауарларды тасуды аяқтау туралы дер кезінде хабарлансын;

- әр айдың 5 күні Кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасына ішкі кедендік транзит процедурасын бұзу жағдайлары және алдындағы айда басқа кеден органдарының белгіленген талаптарды орындамағаны жөніндегі жағдайлар туралы ақпарат беріліп отырылсын.

3. Автоматтандыру және кедендік статистика басқармасы (Грязнов) Кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасымен (Качкаев) бірге дейін Ресей Федерациясы МКК-ін ГНИВЦ бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде Қазақстан Республикасы кеден органдарында тауарлар жеткізуге бақылау бойынша

бағдарламалық құралдарды өндіру жөнінде іс-шаралар жоспарын жасасын.

4. Автоматтандыру және кедендік статистика басқармасы ішкі кедендік транзит процедурасын қазіргі заманғы байланыс және ақпарат беру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар дайындасын.

5. Осы бұйрықтың шығуына байланысты мынадай нормативті құжаттар:

- Бас кеден басқармасының 1994 ж. 10.02. N 7 бұйрығы;

- Бас кеден басқармасының 1994 ж. 4.11. N 47 бұйрығы күшін жойған болып танылсын.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден
комитетінің 1995 ж.
19 қыркүйектегі N 112-П
Бұйрығымен бекітілген
Ішкі кедендік транзит
процедурасы туралы
Ережеге N 1 Қосымша

Ішкі кедендік транзит туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережеде:

- ішкі кедендік транзит процедурасы (ІКТ) - жөнелтуші кеден органынан жіберілген кеден органына дейін кеден бақылауымен тауарларды тасудың белгіленген тәртібі;

- жөнелтуші кеден органы - (ІКТ) процедурасы бойынша тауарлардың барлық топтамасы немесе оның бөлігін тасу басталатын кез келген кеден органы;

- жіберілген кеден органы - (ІКТ) процедурасы бойынша тауарлардың барлық топтамасы немесе оның бөлігін тасу аяқталатын кез келген кеден органы;

- аралық кеден органы - (ІКТ) процедурасы бойынша тауарлар тасылатын көлік құралдарына немесе контейнерлерге ішінара қосымша тиеу немесе түсіру жүргізілетін кеден органы;

- ауырсалмақты ауыр немесе орасан көлемді тауарлар өзінің салмағы, көлемі немесе сипатына қарай жабық көлік құралында немесе жабық контейнерде тасылмайтын кез келген ауыр немесе орасан зат;

- қазақстандық тауарлар - Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналымға шығарылатын тауарлар;

- тасымалдаушы - тауарларды өткізуші не көлік құралын пайдалануға жауапты адам деп түсіндіріледі.

1.2. Тауарлар ИКТ процедурасы бойынша жөнелтуші кеден органынан жіберілетін кеден органына дейін тасымалдаушының жауапкершілігімен тасылады. Тауарлар ИКТ процедурасы бойынша бір немесе бірнеше аралық кеден органдары арқылы тасылуы мүмкін.

1.3. Кеден органдары арасында тауарлар мөр басылған жүк қойылатын жайдан, көлік құралынан немесе контейнерден заттар алынбайтындай немесе ашқанда білінетін іздер қалмайтындай немесе кедендік қамсыздандыру бүлінбейтіндей күйде орналастырылатын орамаға, көлік құралдары немесе контейнерлерге салынып кедендік қамсыздандырумен (қорғасын мөртаңбалар, мөрлер, сондай-ақ теңестіру шаралары) тасылады.

Жүк жөнелтушілер немесе тасымалдаушылардың қорғасын мөртаңбаларымен тауарларды тасуға жол беріледі.

1.4. Кеден органдары жіберілген кеден органына дейін тауарларды жеткізудің мерзімін көліктің түрінің, аталған маршруттың мүмкіндіктерін және тасымалдаудың басқа шарттарын ескере отырып, жеткізудің әдеттегі мерзімдеріне сәйкес, бірақ бір айға 2000 километр деп есептелінетін шекті мерзімнен аспайтындай етіп белгілейді.

Тасымалдаушылар тасылатын тауарларды және осы Ережеде көрсетілген құжаттарды жіберілген кеден органына дейін белгіленген мерзімдерде жеткізуге міндетті.

2. Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарларды жіберілетін кеден органына дейін тасымалдаудың тәртібі

2.1. Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарлар шекарада өткізу күзетінде орналасқан кеден органынан (бұдан әрі осы бөлімде - жөнелтуші кеден органы) қызметі аймағында оларды алушы орналасқан кеден органына (бұдан әрі осы бөлімде - жіберілген кеден органы) кедендік ресімдеу үшін мынадай шарттар:

- ішкі транзиттік құжатты жасау (бұдан әрі - ІТК);
- 1 Қосымшаға сәйкес ресімделген шот-фактураны көрсету;
- жіберілетін кеден органына тауарды көрсетпеген жағдайда алуы кеден органдарына жүктелген кеден төлемдерін және салықтарды, қосымша құнға салықты және акциздерді (бұдан әрі мәтін бойынша кеден төлемдері мен салықтар) төлегені жөніндегі кепілдік міндеттемені тауар алушының көрсетуі сақталатын жағдайда жіберіледі. Тауарларды мемлекеттік теміржолмен тасығанда, Қазақстан Республикасы кеден төлемдері мен салықтары салынбай-ақ

тауарларды әкелу режимін берген мемлекеттерден шыққан тауарларды тасығанда, сондай-ақ кеден төлемдері және салықтар, қосымша құнға салық және акциздер салынбайтын тауарларды басқа елдерден тасығанда кепілдік міндеттемені көрсету талап етілмейді.

2.2. Егер тасымал, халықаралық жүк тасымалы туралы Кеден конвенциясына сәйкес, ХЖТ кітапшасын (ХЖТ Конвенциясы, 1975 ж.) қолдана отырып жүзеге асырылса, ішкі транзит құжаты жасалмайды және кепілдік міндеттеме көрсетілмейді.

2.3. Осы ереженің 2.1. тармағында көзделген шарттар сақталынбағанда еркін айналым үшін әкелінетін тауарларды шекарадағы өткізу күзеттерінде орналасқан кеден органдарында ресімдеуге болады. Бұл ретте ресімдеу қызмет аймағы осы тауарларды алушылар орналасқан кеден органдарының келісімінсіз жүргізіледі.

Мұнда кедендік ресімдеу үшін алымдар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті көздеген тәртіппен алынады.

2.4. Шекарадағы өткізу күзеттерінде орналасқан кеден органдары көлік құралдарының шекарада осы көлік құралдарымен әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеуге байланысты тұрып қалғандығы үшін жауап бермейді.

Кеден органдары көрсетілген күзеттерде тауарларды ресімдеуге кедергі жасамауы тиіс.

2.5. Ішкі транзит құжатын тауарлар топтамасына кедендік жүк декларациясының бланкісінде, қажет болған жағдайда қосымша қағаздарда кеден органы, декларант немесе тасымалдаушы жасайды. Ішкі транзит құжаты үш данада осы Ереженің 2 Қосымшасында баяндалған ережелерге сәйкес толтырылады.

2.6. Кепілдік хат осы Ереженің 3 Қосымшасында келтірілген нысан бойынша жасалады.

Кепілдік хатқа тауар алушы кәсіпорынның немесе ұйымның жетекшісі немесе бас бухгалтер қол қояды.

2.7. Тауарларды ішкі кеден транзиті бойынша тасымалдау барысында ішкі транзит құжатының барлық даналарына және жүк құжатының барлық даналарына (жүк құжаттамасы, коносаменттер және т.б.) осы Ереженің 4 қосымшасындағы 2 суретте көрсетілген мөртаңба қойылады. Мөртаңба ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша тасымалды ресімдеуді жасаған кеден органы қызметкерлерінің жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

2.8. Ішкі транзит құжатының екінші және үшінші парақтары дара тауармен бірге жіберілген кеден органына көрсету үшін тасымалдаушыға беріледі, ал бірінші парағы - жөнелтуші кеден органында бақылауды (бақылау парағы) қалады.

Ішкі транзит құжатының бақылау парақтары реттік нөмірлері бойынша жеке

папкіде сақталады. Ішкі транзит құжатының барлық бақылау парақтарын осы Ереженің 5 Қосымшасында келтірілген нысан бойынша кеден органы арнаулы журналға тіркеуі тиіс.

2.9. Ішкі кеден транзиті бойынша тасымалданатын тауар келіп түскеннен кейін, тасымалдаушы жіберілген кеден органына бұл туралы заңмен белгіленген мерзімінде хабарлайды және оған мөртаңба қойылған құжаттарды тапсырады (4 Қосымша, 2 Сурет). Жіберілетін кеден органы тауардың жеткізілуін журналға тіркейді (6 Қосымша) және кеден органы қызметкерінің жеке нөмірлік мөрімен куәландырылған, осы Ереженің 4 Қосымшасының 3 суретінде көрсетілген мөртаңба ішкі транзит құжатының екі парағында және көлік құжаттарында қойылады және үшінші парақты тасымалдаушыға қайтарады әрі дәл сол күні жедел байланыс каналдары арқылы жөнелтуші кеден органына ішкі транзит құжатының нөмірін көрсете отырып, ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша тауарларды тасымалдаудың біткені туралы жазбаша хабарлайды.

2.10. Ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша келіп түскен тауарлар топтамасын жіберілген кеден органында кедендік ресімдеуден кейін ішкі транзит құжатының екінші парағы кеден органында жеке папкіде сақталады.

Ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша тауарларды шетел автокөлік құралдарымен тасымалдау жағдайында осы автокөлік құралын шетелге қайтару кезінде ішкі транзит құжатының үшінші парағын шекарадан өткізу күзетінде орналасқан кеден органына тасушы ұсынуы тиіс.

2.11. Тауарларды және кеден құжаттарын жіберілетін кеден органына тасымалдаушылардың жеткізуі бойынша міндетін орындауына бақылауды жөнелтуші кеден органдары жүзеге асырады.

2.12. 10 тәулік аралығында ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша белгіленген мерзім біткеннен кейін жіберілген кеден органының растамауы барысында жөнелтуші кеден органы жіберілетін кеден органына "Жеткізу жөнінде растау түскен жоқ" белгісімен ішкі транзит құжатының көшірмесін, осы Ережені 2.7. тармағында көрсетілген мөртаңба қойылған жүк құжатының көшірмесін, шот-фактураны және тауар алушының кепілдік міндеттемесін жібереді.

Мұндай жағдайда ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша құжаттардың осы тармағында көзделген тасымалдауды тіркеу журналында жіберілетін кеден органына тауардың түспегендігі және жіберілген кеден органына жіберілген күні көрсетіледі.

Жіберілген кеден органы жөнелтетін кеден органына оның мекен-жайына осы тармақта көрсетілген құжаттардың түскендігі туралы құжаттардың түскен күнін, атауларын және нөмірлерін көрсете отырып жазбаша хабарлауы тиіс.

2.13 Ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша тауарларды бір немесе

бірнеше аралық кеден органдары арқылы тасымалдау барысында ішкі транзит құжатында жіберілетін кеден органының сондай-ақ аралық кеден органының атауы көрсетіледі.

Аралық кеден органдары жүк құжаттарында және ішкі транзит құжатында жаңадан салынған кедендік қамсыздандыру туралы, сондай-ақ көлік құралдарына немесе контейнерлеріне ішінара қосымша тиелген немесе олардан түсірілген тауарлар туралы белгі жасайды.

Жіберілген кеден органдарына тауарлардың түсуін бақылау жасау осы Ереженің 2.9.-2.12. тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2.14. Жіберілген кеден органы алынған құжаттарды тексереді және Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жағдайда тауарды алушыдан төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтарды өндіріп алады және кеден заңдарына сәйкес тасымалдаушының кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс ашады.

3. Қазақстан Республикасынан әкелілетін тауарларды жіберілетін кеденге дейін тасымалдау тәртібі

3.1. Қазақстан Республикасынан әкелінетін қазақстандық тауарларды кедендік ресімдеуден кейін қызмет аймағы тауарды жөнелтуші орналасқан кеден органында (бұдан әрі осы бөлімде - жөнелтуші кеден органы) жүк құжаттарының барлық даналарында, сондай-ақ тауарға ілеспе құжатының барлық даналарында (7 Қосымша) немесе ерекшелігі бар құжаттарда осы Ереженің 4 қосымшасының 1 суретінде көрсетілген мөртаңба қойылады. Жүк құжатының оң жақ жоғары бұрышында сол сияқты тауар ресімделген кеден жүк декларациясының нөмірі қойылады. Декларацияның мөртаңбасы және нөмірі тауарды кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органы қызметкерлерінің жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады. Көрсетілген мөртаңбалар шекарадағы өткізу күзетінде орналасқан кеден органының (бұдан әрі осы бөлімде - жіберілетін кеден органы) кеден қаржыларының, өзге де қамсыздандырулардың, көлік құралдары жүк бөлімдерінің, контейнерлердің немесе жекелеген орындардың орауының сақталуы жағдайында ғана тауарларды өткізу үшін негіз болып табылады.

3.2. Жіберілген кеден органына тауар келіп түскеннен кейін жүк құжатында, сондай-ақ тауарға ілеспелі құжатта немесе ерекшелігі бар құжаттарда осы Ереженің 4 Қосымшасындағы 3 суретте көрсетілген, ресімдеу жүргізген кеден органы қызметкерінің жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген мөртаңба қойылады

Жүк құжатының немесе ерекшелігі бар құжаттың көшірмесі жіберілген кеден органында қалады және Қазақстан Республикасынан тауарды әкету фактісін

растауға жәрдемдеседі.

3.3. Жіберілген кеден органдары Қазақстан Республикасынан тауарлардың іс жүзінде әкетілгені туралы осы Ереженің 8 Қосымшасында келтірілген нысан бойынша журнал жүргізеді. Көрсетілген кеден органдары 10 күн ішінде кемінде бір рет барлық жөнелтуші кеден органдарына тауарлардың іс жүзінде әкетілгені туралы журналдың нысанына ұқсас нысан бойынша мәліметтерді жіберіп тұрады.

Көрсетілген мәліметтер жөнелтетін кеден органындағы тіркелген кеден жүк декларацияларымен салыстырып тексеру үшін пайдаланылады. Егер жүк құжатында нөмірі көрсетілген кеден жүк декларациясы жөнелтуші кеден органында тіркелмесе, талдап тексеру жүргізіледі.

3.4. Қазақстан Республикасынан әкетілетін кеден қоймасы бажсыз сауда дүкені, уақытша әкелу, ұқсату режимдерінде тұрған тауарларды кедендік ресімдеуден кейін көрсетілген кедендік режимдерге сәйкес мұндай тауарлар жіберілген кеден органына осы Ереженің 2 бөліміне сәйкес жіберіледі.

Мұндай жағдайда кепілдік міндеті тауарды жөнелтушіге көрсетіледі.

Ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша тасымалдың жіберілген кеден органына белгіленген мерзімінде аяқталғаны расталмаған кезде, жөнелтуші кеден органы төлеушілердің шоттарынан Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - мәтін бойынша Жарлық) Жарлығының 140 бабына сәйкес төленбеген кеден төлемдерін және салықтарды өндіріп алады. Қосымша құнға салықты және акциздерді Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығы, 154 бап) салық қызметі органдары өндіріп алады. Жөнелтетін кеден органы Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес тасымалдаушының кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс ашады.

4. Кейбір тауарларды ресімдеудің ерекшеліктері

4.1. Ауырсалмақты және көлемді тауарларды, сондай-ақ бос тасылатын тауарларды (құм, қиыршық тас және т.б.) ішкі кеден транзиті процедурасы бойынша ашық көлік құралдарымен тасуға болады.

Бұл жағдайда осындай тауарларды айырбастауға мүмкіндік бермейтін шаралар қолдану қажет (жүк тауарға ілеспе және өзге де құжаттарда толығымен суреттеу, тауарларға таным белгілерін салу және т.б.).

5. Жауапкершілік

5.1. Жіберілген кеден органына тапсырылуға тиісті және бір кеден

органынан екіншісіне тасымалданатын тауарлар және құжаттарды әкелмеу, сондай-ақ кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдау ережесін өзге де бұзушылықтар үшін жауапкершілік кеден заңдарына сәйкес туындайды.

5.2. Жіберілген кеден органына тауарлардың жолда авария немесе тежеусіз күш әрекеті салдарынан жеткізілмеуіне байланысты ұйымдар кеден төлемдері мен салықтарынан босатылады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден комитетінің
1995 ж. 19 қыркүйектегі
N 112-П Бұйрығымен
бекітілген ішкі кедендік
транзит процедурасы туралы
Ережеге N 1 Қосымша

Шот-фактураны ресімдеу Тәртібі

1. Шот-фактура кедендік бақылаудың мақсаты үшін қажетті мәліметтерді қамтиды.

2. Шот-фактура орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде жасалуы тиіс.

3. Шот-фактура төмендегі мәліметтерден:

- оның жасалу күнінен;
- экспорттаушы және импорттаушының атауы және почталық мекен-жайынан;
- шарттың, келісімнің нөмірі және күнінен;
- жеткізілім шарттарынан;
- СЭҚ ТН немесе Үйлестірілген жүйе бойынша атауы және тауар кодынан;
- жүк орындарының түрі және саны және олардың таңбалануы туралы деректерден;
- брутто салмағынан;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде бағаланатын валюта бойынша тауардың құнынан;
- экспорттаушының мөртаңбасынан тұрады.

Ескерту: шот-фактураны, егер ондағы мәлімдеуге жататын

мәліметтер кеден органына ұсынылатын тауарға ілеспе басқа да құжаттарда бар болса, ұсынбауға болады.

Қазақстан Республикасы

жанындағы Кеден Комитетінің
19.09.1995 ж. N 112-П
Бұйрығымен белгіленген
ішкі кедендік транзит туралы
Ережеге N 2 Қосымша

Ішкі транзиттік құжаттарды толтыру Ережесі

1. Ішкі транзит құжаты белгіленген нысандағы кедендік жүк декларациясының парақтарына толтырылады.

2. Ішкі транзит құжатының мынадай: 1; 2; 3; 4; 5; 6; 7; 8; 15; 17; 18; 21; 22; 29; 31; 32; 33; 35; 42 бағандары; 2; 7 тармақтары 44; 50; 53; 54; А; С; Д бағандары толтырылады.

3. Бағандарды кеден органының лауазымды адамы, декларант немесе тасымалдаушы Кеден комитетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 127-П бұйрығымен бекітілген "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы нұсқаумен" белгіленген тәртіппен төмендегі ерекшеліктер ескеріліп толтырады:

- 1 бағанда екінші бөлімше толтырылмайды, ал үшінші бөлімшеде ИКТ көрсетіледі;

- 2 және 8 бағандарда ЖКҰЖ кодтары және тендестіру нөмірлері көрсетілмейді;

- 8 бағанда тауарларды теміржол көліктерімен тасымалдау жағдайында

жіберілетін кеден органының қызметі аймағындағы теміржол станциялары көрсетіледі;

- 22 бағанның сол жақ бөлімшесінде шот-фактураға және басқа тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес, валютаның цифрлық коды және тауарлардың жалпы фактуралық құны көрсетіледі;

- 33 бағанда СЭҚ ТН бойынша тауардың нақты кодын анықтау мүмкіндігі болмағанда тауар позициясы (тауар коды цифрлық кодтың төртінші таңбасының деңгейінде) көрсетіледі;

- 42 бағанда тауарлардың фактуралық құны шот-фактураға немесе басқа тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес көрсетіледі;

- 44 бағанның 7 тармағында шот-фактураның нөмірі және күні көрсетіледі;

- 50 бағанда тауарды жіберілетін кеден органына дейін жеткізудің мерзімі және ИКТ процедурасына сәйкес тауарларды тасуға қабылдап алған тасымалдаушы жөнінде мәліметтер (тасымалдаушының атауы, мекен-жайы, мөрі, жіберілетін кеден органына тауарды жеткізу туралы міндеттеме, тасымалдаушының өкілінің тегі, әкесінің және өзінің аты мен қолы);

- 53 бағанда жіберілетін кеден органының атауы көрсетіледі;

- "А" бағанының 1 тармағында жеткізетін жердің мекен-жайы, ал "А" бағанының 2 тармағына - жеткізетін жердің телефоны жазылады;

- "С" және "Д" бағандарына 2 және 3 қосымшаларда көрсетілген суреттерге сәйкес мөртаңба қойылады және жеке нөмірлік мөрмен расталады.

Ішкі транзиттік құжатқа кедендік жүк декларациясының нөміріне ұқсас (7 баған) нөмір беріледі.

4. ИКТ процедурасы бойынша тауарларды бір немесе бірнеше аралық кеден органы арқылы тасу кезінде осы кеден органының атауы ішкі транзиттік құжаттың артқы бетіне көрсетіледі.

5. Егер тасымалдаушы не декларант ішкі транзиттік құжаттың қандай да бір бағаналарын толтыра алмайтын болса, кеден органының лауазымды адамы жетіспейтін мәліметтерді өз бетінше көрсетеді.

Қазақстан Республикасы

жанындағы Кеден комитетінің

19.09.1995 ж. N 112-П

Бұйрығымен белгіленген

ішкі кедендік транзит

туралы Ережеге N 3 Қосымша

Кепілдік міндеттеме

(ИКТ процедурасы)

(кәсіпорынның толық атауы, ЖКҰЖ коды, мекен-жайы, телекстің,

факстің нөмірі, банкінің атауымен банкідегі шот нөмірі)

(одан әрі "Кәсіпорын") осы міндеттемемен 199 ж " " _____

_____ (кеден органына) _____

(кеден органынан) ішкі кедендік транзит процедурасы бойынша тасылатын тауарларды көрсетуге міндеттенеді

(тасымалдаушының атауы және мекен-жайы)

ішкі транзиттік құжаттың және жүк құжатының N/N

(кеден органы көрсетеді).

Кәсіпорын кеден заңдарына сәйкес белгіленген мерзімде тауарларды көрсете алмаған жағдайда кеден төлемдерін және салықтарды, қосымша құнға салықты және акциздерді төлеуге міндеттенеді.

Кәсіпорын жетекшісі _____

(қолы)

Бас бухгалтер _____

(қолы)

Кәсіпорын мөрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинеті

жанындағы Кеден комитетінің

1995 ж. 19 қыркүйектегі
N 112-П Бұйрығымен
бекітілген ішкі кедендік
транзит процедурасы туралы
Ережеге N 4 Қосымша

| Қазақстан Республикасы |
| Министрлер Кабинеті |
| жанындағы Кеден комитеті |
|(Кеден органының атауы) |
| Шығаруға рұқсат |
| Инспектор _____ |
| 199__ж. " __ " _____ |

63 x 22
1 сурет

	Қазақстан Республикасы
	Министрлер Кабинеті жанындағы
	Кеден комитеті
--- (Кеден органының атауы)	
	Кеден бақылауымен _____ саны
	_____ орны _____ мөртаңбасы
	_____ көлігіндегі тауар

	-----жүк орны
	(кеден органына)
	19__ж. _____ дейін жеткізілуі
	тиіс. _____ ИКТ
	Инспектор _____
	199__ж " __ " _____

85 x 60
2 сурет

| | Қазақстан Республикасы Министрлер |
| | Кабинеті жанындағы Кеден комитеті |

	(Кеден органының атауы)
	Тауар түсті
	Инспектор _____
	19__ ж. " __ " _____

63 x 22

3 сурет

Ескерту: сол бағанада кеден органының мөр нөмірі мен коды көрсетіледі. Мәселен, N 1 "Шығаруға рұқсат" мөрі Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша Кеден басқармасына жатады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер кабинеті жанындағы
Кеден комитетінің
1995 ж. 19 қыркүйектегі N 112-П
Бұйрығымен бекітілген ішкі
кедендік транзит процедурасы
туралы Ережеге N 5 Қосымша

Ішкі транзит құжаттарды

(ІТҚ) тіркеу
Журналы

N	Күні	Алушы/жөнелтуші	Тасымал.	Тауар	Орын	Брутто	Құн
		(атауы, мекен-жайы, даушы		(атауы, саны		салмағы	бірлігі
		жіберілетін темір	(атауы,	код)		(тонна.	

| |жол стансасы |мекен- | | |мен) |
| | |жайы) | | | |

1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8

Құны|Жіберіле.| Инспек. | Жеткізу | Құжаттар |Жіберілетін
|летін |тордың |туралы рас.|жіберілетін|кеден органының
|кеден |аты-тегі |тау (құжат.|кеден орга.|құжаттардың
|органы |жеке нө. |тың күні, |нына жібе. |түскені туралы
| |мірлік мөрі нөмірі) |рілді (күні|растауы
| | |қолы) |

9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинеті жанындағы
Кеден комитетінің
1995 ж. 19 қыркүйектегі N 112-П
Бұйрығымен бекітілген ішкі
кедендік транзит процедурасы
туралы Ережеге N 6 Қосымша

Тауарлардың түсуін есепке алу

Журналы

N		Күні		ІКҚ нөмірі		Алушы (атауы,		Тасымалдаушы		Тауар		Брутто
				мекен-жайы		(атауы,		(атауы салмағы				
						мекен-жайы)		коды)		тоннамен)		

1		2		3		4		5		6		7
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

Валюта		Тауарлардың түскені		КЖД		Кеден органы
(фактура		туралы хабар берген		нөмірі	лауазымды адамның	
құны)		адамның лауазымы, аты-тегі		аты-тегі		

8		9		10		11
---	--	---	--	----	--	----

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинеті жанындағы
Кеден комитетінің
1995 ж. 19 қыркүйектегі N 112-П
Бұйрығымен бекітілген ішкі
кедендік транзит процедурасы
туралы Ережеге N 7 Қосымша

Қазақстан Республикасынан тауарларды әкетудің

есепке алудың
Журналы

КЖД |СЭҚ ТН |Брутто |Мөртаң. |Шығарыл.|Жөнелтуші |Жіберілген
нөмірі бойынша|салмағы|нөмірі |ған күні|(атауы,жайы|кеден органы
тауар.	(тонна.			жіберілетін
коды,	мен)			теміржол
атауы				стансасы)

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

Оқыған:

Багарова Ж.А.